

А.Н.Мұқанова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: arna.nm@mail.ru)*

### **Түркілік этнолингвистикалық «шағатай» терминінің пайда болу тарихы**

Мақалада түрк этнолингвистикалық «шағатай» терминінің шығу тегі тарихын анықтаған ресейлік түркітанушылардың мәліметтері зерттелді. Ресейлік түркітанудың негізін салған жетекші мамандардың зерттеулер нәтижелері талданды. Сондай-ақ отандық шығыстану тарихы үшін аталмыш тақырыптың зерттеудегі мәселелері мен болашағы анық қойылған.

*Кілтті сөздер:* түркітану, этнолингвистика, антропоним, «шағатай» сөзі, шағатай ұлысы, диалектика, түркі тілдері, Орта Азия, араб тілі, өзбек тілі.

Бұл ғылыми мақаланың мақсаты — ғылыми әдебиеттерде қолданыста бар түркілік этнолингвистикалық терминнің пайда болу тарихын түркітанушылардың зерттеулері арқылы анықтауға әрекеттену.

Ғылыми қолданыста бар «шағатай» сөзінің тарихы өзіндік қызығушылықты туғызады, себебі атау әдеби, түсіндірмелік сөздіктерде берілмеген, және де кейбір, арнайы түсіндірмелік анықтамаларда да (этникалық атауларды және терминдерді білдіретін) жоқ [1]. Бұндай әрекеттердің орын алуына себеп болған жағдайларға тоқталатын болсақ, кейбір түркітанушылардың терминнің басшы атынан өндірілгенін көріп сақтықпен қарағанын көреміз, әсіресе ресей түркітанушылары мұндай тақырыптарды өзіндік ерекше деп санаған. Сондай-ақ «шағатай» атауы және тілі жөнінде ең бір құнды зерттеулерді ұсынған кеңестік ресей түркітанушыларының бірі Г.Ф.Благова, *шағатайлық* сөзінің пайда болуын басшы атауынан алу, *өзбек* атауы сияқты этнолингвистикалық терминді басшы атынан алу сияқты орынсыз деп санаған. Сонымен қатар бұл екі атаудың осы тұрғыдан бір қатарда кездесетіні де бар.

Генетикалық жағынан антропониммен байланысты сөз үшін, оның лексикалық және құрылымдық мағыналарынан басқа, нақты әлеуметтік-мәдени мағынасы ерекше маңызға ие болады, дегенмен мұндай жағдай, өзіндік тарихи жағдайларда орын алып, екінші орындағы мағына ретінде көрініс табады. Әрине, *шағатай* сөзінің дамуын зерттеу үшін тарихи жағдайлардың ескерілгенін ойдан шығармаған жөн, солардың негізінде «шағатай» антропонимі өзінің мазмұны жағынан дамып отырған.

Зерттеліп отырған жағдайда, сөздің мағынасын өзінің шығу тегі жағынан, яғни шағатай антропонимін монғолдыққа қаратып, нақты Шыңғыс ханның екінші ұлы деп, бірінші мағынасы деп атаймыз, оның иелігіне түркі халықтардың негізінен шоғарланған Мауераннахрдың (қазіргі Өзбекстан мен Тәжікстанның бір бөлігі), Жетісудің және Шығыс Түркістанның аймақтары қараған. Монғолдық және түркілік дәстүрлерде және де тарихи шындықпен бұл жерлер жиынтығы «Шағатай ұлысы» деп аталып, монғолдық антропоним иегерілді.

Бұл сөздің Орта Азия түркілік тілдеріне енуі түркі тілді халықтарда рулық немесе тайпалық бөлшектерді оның ру басы (немесе басшысы) атымен атау принципінің таралуының қолға алынуына түрткі болса керек. Сөйтіп, түркі тілді негізде зерттеуге алынып отырған *шағатай* атауы *біріктіруші*, *рулық* негізде екінші мағынасы қалыптасып, енді тек қана, ұрпақтары ғана емес, сонымен қатар Шағатай ханды қоршаған жақын ортасымен қолдаушылары және сарай қызметкерлері де қабылдай

бастаған. Бастапқы уақытта бұл атау оны қабылдаушылардың қоғамдағы артықшылығын [2; 43–44] білдірген. «Шағатай» сөзін әдетте рулық атау ретінде мәні бар, тікелей бір адамның атына тіркеу кейінгі дәстүрлердің бірі ретінде дәлелденген, мысалы XV–XVI ғғ. ширектерінде түркімендер арасында Ибраһим Шағатай, Хасан Али Шағатай дегендер белгілі болған. Мұндай әдіс XX ғасырдың 20-жылдарына дейін топонимдік атауларда да кездескен, мысалы, Аvez-мат-шағатай (Хорезм округының Шават ауданы) атты патронимдік мағынадағы тұрғылықты жер. «Шағатай» сөзін рулық атау ретінде қолдану негізінен этнонимдік қызметте іске асырылғанына саяды.

Біртұтас мемлекет шеңберіндегі Шағатай иелігі ұзаққа бармады, біртіндеп шағатай ұлысы екі бөлікке: Мауераннахр және Моғолыстан (Жетісу және Қашғар) болып, нақты XVI ғ. тіркелді [3]. Ал *Шағатай* атауын Мауераннахр иеленді. Мұнда монғол кезеңінен кейін де түркі жерінде Шағатай атауымен байланысты династиялардың дәстүрлері қызмет етуін тоқтатпады. Дәстүр қызметінің күші, көп уақыт бойы Темір әулетінің мауераннахрлық билеушілердің билігінде сұлтандық, өз заңдары мен құқықтарын бекітуге деген құштарлықтарымен түрті болып отырған; олардың соңынан ерген кейінгі сұлтандар өз шығу тектерін Шағатай хан арқылы Шыңғыс ханға дейін көтеру әрекеттері байқалған. Бұл әрекеттің нышанын Захир ад-дин Мухаммед Бабыр руының генеалогиясынан көруге болады (XV–XVI ғғ. ширектері). Бабырдың анасы Құтылық Нигар ханым Жүніс ханның екінші қызы, яғни Жүніс хан Шыңғыс ханның екінші ұлының ұрпағы, яғни Шағатай ханның... Әкесі жағынан Бабыр Темір ұрпағы, яғни Омар Шейх Сұлтан Абу Са ид мырзаның төртінші ұлы, ол Сұлтан Мұхаммед мырзаның ұлы, ол Миран шах мырзаның ұлы, ол Темірдің үшінші ұлы, кейінгі ресми генеалогиялық таратуларда Темірді де Шыңғыс ханның ұрпағы деп көрсеткен: «Монғол дәстүрінің иесі ретінде Темір Шыңғыс хан үйі туыстығына орасан зор мән берген». Сөйтіп, Темуридтер өздерін Шағатайлықтардың тікелей және тура ұрпағы ретінде санаған; сондай-ақ 1370 жылы соңғы Шағатайлық өлтіріліп Темір Лэнг билікке келгеннен кейін де бүкіл ел Шағатай ұлысы деп аталуын тоқтатпаған [4].

*Шағатай* сөзі атауын XIV ғасырда кейін де мемлекеттік-аудандық мағына түрінде қолдану және топонимдік тұрғыдан пайдалану сол бұрынғы, кеңінен тараған екінші мағынасымен байланысады, бұл мағына Мауераннахрдың өзіндік ерекше тарихи жағдайына қарай пайда болып, бүкіл Орта Азиядан асып таралды. Бұл жерде *шағатай* сөзін ерекше тарихи-мәдени комплексті атау тұрғысынан қарастырып отырмыз. Нақты осы комплекс атауымен XV ғасырда пайда болған «шағатайлық түркілер» ұғымы байланысты, яғни Мауераннахрдың «әскери кастасы ретінде кейбір мүмкіншіліктерге ие болған көшпелі тұрғылықты халқын ғана емес», жалпы Мауераннахр түркілерін осылай атаған (Шағатай ұлысы атауымен).

Айтылып кеткен тарихи-әлеуметтік факторлардан басқа, бұл тарихи-мәдени комплекс XIV ғасырдың орта шенінде орныққан мынадай белгілерді қалыптастырған, мысалы, Шағатай ұлысы территориясының ортаазиялық ядросын; уақыт өте отырықшылықтың белгілерін сезіндірген күшейіп келе жатқан қоғамдық тұрмыс (дегенмен, осыған қарамастан, «шағатайлық түркілер» асқан ұқыптылықпен бұрынғы көшпелі дәстүрлердің сыртқы салтанатты жоралғыларын сақтауды жалғастырған) [5], мұндағы белгілі мәдени-қоғамдастық «шағатай тілі» және Темір сұлтандары айналасында қызмет еткен сарай ақындарының «шағатайлық әдебиетін» еске түсіреді [6].

«Шағатай» сөзінің түркі тілдеріндегі семантикалық тұрғыдан дамуының екінші сатысына көшетін болсақ, келесі мағыналық градациясымен байланысады, яғни сөзді этнонимдікке жақын мағынасында пайдалану (дегенмен, сөзді осылай пайдалану, екінші қызметімен қарама-қайшылыққа түскені белгілі, осы тұрғыдан, Н.А.Аристов бойынша сөз тайпа атауынан кең мағынада, тіпті «интернационалды» қоғамдастық тұрғысынан берілген), ал, екінші жағынан, оның топонимге енуі де белгілі. Н.А.Аристов бойынша, *шағатай* сөзін топонимдік тұрғыдан пайдалану оның «этнонимдік» қызметімен ескерілген [2; 151]. «Шағатайлық» тарихи-мәдени комплекстен көптеген ғасыр бойы Мауераннахрдың тұрғылықты халқының санасында оның тұрмыстық өмірімен біте қайнасып, *шағатай* сөзі этноним мен топонимге терең сіңіп қалған, бірақ В.В.Бартольдта *шағатай* термині Мауераннахрдың көшпелі немесе көшпеліктен сақталған дәстүрлерді атау үшін пайдаланғанына қарамастан, мұнда Шағатай ұрпағы хандары қалмаған уақыттың өзінде атау өз күшін жоймағаны, кейін Темір династиясының басшыларымен Үндістанға қуылып, бірақ нағыз Шағатай ұлысының шығыс бөлігінде Шағатайдан бастау алатын хандық династияда «шағатай» термині болмаған қызық жағдайлардың бірі екенін атап кеткен...» [7; 11,12]. Бұл жағдай «шағатай» сөзінің даму мағынасының тікелей түркі жерінде пайда болғанының дәлелі. Тіпті, Шайбан хан әскері Темір ұрпағы мемлекетінің соңғы сарқыншағын қиратып, шағатай атауының қандай да бір әлеуметтік

негізін жойған кезде, ел «Шағатай ұлысы» деп аталудан қалған еді, түркілер мен тәжіктер — отырықшы тұрғылықты халық «өзбек басқыншыларына» «қарсылық» көрсетіп, өздерін өзбектерге қарсы «шағатайлық халық» деп атауын жалғастырған [8]. Нақты, осы уақытта, яғни XVI ғасырдың басында, Мұхаммед Салих шағатай елі атауын қолданған. Ұзақ уақыт бойы отырықшыларға көшпелілерді қарсы қою өзекті болып, шағатай атауы бірқатар ортаазиялық халықтарда және олардың оңтүстіктегі көршілерінде пайдаланылып, олардың этнонимдеріне әр түрлі деңгейде ене бастаған.

Мысалы, XVII ғасырдың бірінші жартысында Хиуа хандығында Шағатай өзіндік этникалық бірлік болды. А.Вамбери басты отыз екі тайфелердің ішінде «Шағатайды» атаған [9]. XX ғасырдың 30-жылдарына дейін шағатайлықтар өзбектердің басқа руларының өкілдерімен (барластармен — бір қызығы, бұларда, шығу тегі жағынан монғолдық) бір қыстақта (Дашнобод қ. Сурхандария облысы) тұрып, өз ерекшеліктерін қатал сақтаған, мәселен, өзара тобының ішінде некелесіп, Дашнобод қыстағы шағатайлық және барластық деп екіге бөлінген; сондай-ақ шағатайлықтар сол уақыттардың өзінде өз ауылдастарынан антропологиялық жағынан және жоғарғы мәдениетімен, шаруашылығымен ерекшеленген. Жалпы, көпке дейін шағатайлықтар деп өздерін Өзбекстанның оңтүстік және батыс аудандарының өзбектері мен тәжіктері атаған [10; 14–19], жергілікті халықтың түсінігінде бұл өзіндік атау оны қолданушылардың тіліне қарамастан, этникалық бірлікті емес, тарихи-мәдени комплексті білдірсе керек [10].

Солтүстік Ауғанстанда да тәжік-шағатайларының болғаны мәлім. Иранның оңтүстік-батыс бөлігінде шығу тегі түркі(-ік) тайпаларынан бастау алатын тұрғылықты этностардың бірін шағатайлар деп аталған. Н.А.Аристов және Н.Г.Маллицкийдің хабарлауларына, Үндістанның Арго және Делидің шеткі аймақтарында бірнеше мың адам өздерін шағатай тайпасына жатқызған, олар, шамалап қарағанда, бабырлық (бабуридские) шағатайлар болса керек; шығу тегі Мауераннахрлық (XVI ғ. басы), Үндістанды жаулап Ұлы Монғол империясын құруға қатысқан топ өкілдері деп айтылады. Ал түркімендердің шағатай-куллар деп аталатын руларының бір бөлігі — XV ғасырда Темір дәуіріндегі түркімендер орналасқан шағатайлық арлат тайпасынан қашқан өкілден бастау алған [11]; XX ғасырдың бірінші жартысына дейін әр түрлі тайпаларда шағатай атауымен аталған рудың болғаны айқын. Сондай-ақ Алатау аймақтық басқармасының 1865 жылғы тізімі бойынша қазақтың Бопай руы құрамының шағатай деп аталған бөлігінен 1722 киіз үй саналып алынған [12].

Шығу тегі түркі жерінен бастау алатын «шағатай» сөзінің семантикалық дамуы жөнінде жиналған мәліметтер, сондай-ақ әдебиеттердегі этнографиялық мәліметтер «шағатайды» XIII ғасырдағы Шыңғыс хан ұрпақтарын білдіретініне монғол ру-тайпаларының атауы деп қарастыруға мүмкіндік бермейді [13]. Сондай-ақ Шағатай атауының «үшінші» орында немесе этнонимикалық тұрғыдан пайдаланған мағыналарын, яғни шағатай атауының монғол дәуірінен қалған ру ретіндегі «жиынтық атауын» түсіндірме түрінде пайдаланған дұрыс емес. Бұл сұрақты шешу үшін, беделді авторлардың айтқандарын негізге алу, сөздің шын мағынасын талдау арқылы шешуге кедергі болуы мүмкін; мәселен В.В.Бартольдт: «XIV ғасырдың басында *шағатай* сөзі ортаазиялық Монғол мемлекетін атау үшін ресми түрде пайдаланған» [14],— деп айтқан. Шын мәнісінде жаулап алынған халықтармен монғолдардың этнолингвистикалық ассимиляцияға түсуі Шыңғыстық Газан хан заманымен байланысты: «Монғол жерінен менің атам, Гулагу хан келгеннен бері екі, үш ру замандары өтті, енді біздерден кейін дүниеге келетін монғолдар өз тілдерін, сөздерін, жерлерін, ұрпақтарын білмейтін болады» [15],— деген.

Ортаазиялық топонимикада «шағатай» сөзінің бекуі оның аймақтық-мемлекеттік мағынадағы қызметінің, кейде «этнонимдік» қызметінің негізінде пайда болған. Шағатай атауымен тұрғылықты жерлердің атауы: Өзбекстанда Ташкент облысына қарасты Янгиюль ауданында, Самарқанд облысының Митан ауданында, Оңтүстік Хорезмда (Қыят-Шават ауданында), Бұқара округының Қаракөл ауданында екі тұрғылықты жер, Урта-Зеравшан округының Хатырчи және Қара дария аудандарында, Самарқанд облысының Митан ауданында Дам-Шағатай, Юкары-Шағатай, Шағатай-бони сияқты тұрғылықты жерлері анықталған. Ескі Ташкент микротопонимикасында: Шағатай-тепе, Шағатай-чакар, Шағатай-Янги-шаар, қалалық қарпа: Шағатай-дарваза, жер атауларынан: Шағатай Биль-тепа, Шағатай Қара-камыш, Шағатай Сор-кичар сияқты атаулар кездескен [16].

Шағатай атауы, дәстүрлі тарихи орталығынан аймақтық-мемлекеттік және тарихи-мәдени атау ретінде, неғұрлым алшақ тараған сайын топонимикалық тұрғыдан пайдаланылуы соғұрлым бөлектеніп, әрі сирек қолданылатын болған. Шағату және Шағатай топонимдері ретінде (бұл атаулар «тай тобы атауына жатады») Иранның солтүстік-батыс бөліктерінде кездескен [17]. Тарихи «Шағатай

ұлысының» солтүстік-батысында «Бұғұлма уезінің Самарқанд губерниясында Шағатай» ауылы кездескен, Туваның Танды ауданында Шағатай көлі орналасқан. Зерттеушілер тым шалағай, екі бөлек орналасқан топонимдерді жеке-жеке зерттей келе, тарихи контекстен бөлек, Орта Азиядағы осы сияқты топонимдерді ескермей-ақ, монғолдық ескілікке, яғни Шағатай ханның «тікелей атымен», байланыстырады, дегенмен, бұл жерде антропонимнің мағыналық дамуының екінші немесе үшінші градациясы ұсынылған болу керек. Сондай-ақ мишарлық Шағатай топонимі әлдеқайда өзінің алғашқы тар мағынасынан шығып қалған ескі антропонимнің этнонимдік пайдаланылуына сүйенсе керек.

Сөйтіп, бұрынғы «шағатай» антропонимінің көп мағыналығы бірден емес, біртіндеп тарихи түрде қалыптасты. «Шағатай» сөзі енді алғашқы пайдаланылуынан қол үзіп, Орта Азия тарихының бір бөлігіндегі жеке белгі болып қалды [18; 13]. «Шағатай» сөзі осы сияқты мағынасының шарттылығынан біртіндеп қол үзіп, неғұрлым шынайы көп мағыналығына ие бола бастады: сөйтіп, этноним мен топонимге біртіндеп терең бойлап, ал «Шағатай ұлысы» күйреуінен хронологиялық жағынан алыстауы және де Темір әулетіндегі ұрпақтары «шағатай» сөзінің идеологиялық мағынасын жоя бастады, осыған байланысты оның полисемантикалық шарттылығы біртіндеп ұмытыла бастады.

Орыс және түркі халықтары аралық көп ғасырлық әр түрлі, әрі тығыз жағдайлардағы байланыстар *шағатай* сөзінің орыс тіліне бірнеше рет ауызша түрде енуіне алып келген. Алғашқы уақытта сөз орыс тілінің ішінде бірнеше фонетикалық нұсқалармен ұсынылған, бұл атаулар түпнұсқа сөздің дыбыстық мәнін білдірді, тіпті XV ғасырдағы бір ғана жазбада сөз: «чеготандық жер», «чехотайлық жер», «чеготайға жол жоқ» [4; 14,25,36] деп бірнеше нұсқаларда берілген. Ақсақ Темірдің шығу тегі жөніндегі аңыз деректе оның иеленген жерлерінің ішінде: «чагадай, хорусани...» [19] аталған. Сондай-ақ XV ғасырдың орта шеніндегі Троицк-Сергиев лаврының мұрағаттық деректерінде: «Чеготай/Чеадай» [20] деген адам аттары ұшырасқан. Сөйтіп, сөздің орыс тілінде фонетикалық өзгерісі оның консонантизмі мен вокализміне әсер етпей қоймай, тек қана алғашқы дауыссыз дыбыс өзгеріссіз қалған, сөз ертедегі орыс тіліндегі жазбаларда «ч» әрпімен берілген. XV ғасырдағы (немесе біршама ерте уақыттарда) орыс-түркі халықтары аралық ауызекі байланыстарда сөздің алғашқы әрпінің «ч»-мен берілуі түркі тіліндегі сөз екенін нақты білдірген.

Сөздің орыс тіліне тән емес алдыңғы тілдік «дж» аффрикатасымен берілуі біршама кейін пайда болған: бұл нұсқа орыс тіліне Шығыстан кітап тілімен, сонымен қатар Батыстан енген. Мұндай түрдегі, яғни «Джагатай», атауы орыс тілінде XIX ғасырдың бірінші ширегіне дейін сақталған, мысалы: «Ета полоса земли, обитаемая татарами, называется Азиятскою Татариею или Джагатаем, и разделяется на 1) северный Джагатай... 2) южный Джагатай... и 3) восточный Джагатай или Малую Бухарию» деген мәлімет бар. Енді Джагатай/Чагатай сөзін тірі орыс тілінде топонимикалық тұрғыдан пайдалану мүмкін болмады. Бір қызығы, XV ғасырдың орта шеніндегі орыс ұлты өкілдерінде «Чегодай» немесе «Чеадай» сияқты адам аттары кездескен, сондай-ақ сөз ресми құжатқа антропоним ретінде, мысалы: «1589 жылдың 10 маусымындағы Федор Иванович патшаның грамотасында Иван Чеадаев» жөнінде айтылған, атақты фамилиядан жазушы-философ Петр Яковлевич Чаадаев» шыққын [20, 30]; XIX ғасырдың 20-жылдарында Чаадаев — Чадаев/Чедаев [21] деп, әр түрлі оқылып жүрген. Бертін Чаадаевская, XX ғасырдың басында Пенза губерниясында Чагадаев сияқты фамилиялар кездескен.

Отандық тарихнама мен түркітануда зерттеуге алынып отырған кірме сөз өзінің екінші мағынасында тұрақтап, жаңа түркі тілінде Мауераннахр тарихындағы (XIII–XVI ғғ.) нақты бір кезеңді және ортаазиялық түркі жазба тілінің дамуын білдіретін, архаикалық көнеге айналды. Жалпы, сөздің жаңа туындылары саны жағынан көптігімен ерекшеленбеді, егер Чагатай/Джагатай сияқты антропонимдерді мысалға алмасақ, атау чагатайлықтар/джагатайлық, кейде чагатайлық/джагатайлық [22] сияқты сын есімдерден тұрады, аз ұшырасатын таза кітаптық сын есімдер: чагатайлық (орыс тілінде: чагатаей)/джагатайлық (орыс тілінде: джагатаец) (мысалы: П.М.Мелиоранский, А.Н.Самойловичта), чагатаизм (Ф.Е.Коршта), чагатаистика (А.К.Бобровковта) және де ескірген окказионалды, яғни XX ғасырдың 20–30 жж. пайда болған: чагатаистер, чагатаистический.

Көп нұсқалы кірме сөздің терминологиясы фонетикалық унификациясын білдірді. Ал XIX ғасырда орыстың кітаптық тілінде нық бекіген *джагатай* шығыстанушылардың еңбектерінде сөздің түркілік айтылуын шынайы жеткізу қажеттілігі туындағанда *чагатай* нұсқасымен алмастырылып отырған. Үсті-үстіне әсер етіп отырған орыстың ауызша дәстүрінің ықпалымен чагатай/джагатай нұсқалары бір автордың еңбектерінде қатар пайдалануға алып келді. Термин нұсқаларының саны

шамадан тыс көбейіп кетуін ғалымдар әр түрлі жолдармен шешуге әрекеттенді. В.В.Бартольдт «чагатайдың» дұрыс жазылуы нұсқасын мойындағанмен, орыс түркітанушыларын «орыс әдебиетінде нық бекіген» келісімді «джагатай» (туындаған) [7; 11] нұсқасын пайдалануға шақырған. Түркітану үшін маңызды этникалық және мәдени терминдерге үлкен мән берген Ф.Е.Корш «чагатай» [23] деп оқылуына қатысты пікірін білдірген. XIX ғасырдың соңындағы орыс түркітануында чагатай/джагатай нұсқаларын лексикалық-семантикалық жасанды жолмен бөлектендіруге деген әрекеттерді көреміз (Н.А.Аристовтың жұмысынан көреміз). Ол «джагатайды» бірінші мағынадағы (монғолдық жеке адам есімі) кірме сөз етіп, екінші мағынасындағы атау (Джагатайлық ұлыс, джагатайлықтар, джагатайлық [диалект]) — түрктік айтылуы орыс тіліндегі берілуінен асқан айырмашылықпен берілмегендіктен, қауіптену қажеттілігі туындамаған: пайдаланудағы сөз жаңа түркі тілдерінде сирек ұшырасатын архаизм болып саналды; сондай-ақ дауысты аффриката анлаута тек қана кітаптық дәстүрмен бекіп отырған. Автор чагатай деп оқылуын үшінші орында этнонимикалық, топонимикалық қызметтегі мағынасы деп, мағыналық градацияға ұшырағанға дейін негізінен түркі тілдес халықтардың тіліндегі айтылуын жеткізу тұрғысынан қажетті деп санаған. Н.А.Аристовтың бұл әрекеттерін жақтап, жалғастырушылары да болды.

Шын мәнісінде, бұл әрекеттер бұл сөздердің мағыналық ерекшеліктерісіз орыстың кітаптық тілінде екі мағынаның да сақталуына ықпал етті.

Лингвистикалық пуризм тұрғысынан бұл терминнің үшінші бағыттағы отандық түркітанудағы дамуында кірме терминнің түркі тілдеріндегі айтылуынан және де тірі орыс тіліндегі жеткізілуінен фонетикалық қалыпты... унифициланған термин ретінде чагатай нұсқасы таңдап алынған (сондай-ақ батысеуропалық, әсіресе немістік терминологияның, нық бекіген *Saghatai* нұсқасының ықпалы болуы мүмкін). Бұл бағытты бастап қолдағандардың бірі А.Н.Самойлович болды, ол 1914 жылдан бұл нұсқаны пайдалана бастаған ғалым XX ғасырдан түркітануда басталған этнолингвистикалық терминдерді ретке келтіру процесіне үлкен жауапкершілікпен қарап, жиі бұл процестегі прогрессивтік тенденцияны алдын ала сезіп, қолданыста жүрген терминнен оны ауыстыруға ұсынылып отырған перспективті терминді көре біліп, біріншісінен бас тартуға мойынсұнған [24] (бұндай жағдай тек қана «чагатай» терминімен ғана емес, сонымен қатар *түріктік*, *түркілік*, *османдық* сияқты терминдермен де болғаны айқын). XX ғасырдың 20–30 жж. отандық түркітану мен алтайтану тілдерінде нық орнаған *чагатай* терминімен *джагатай* нұсқасын біртіндеп ығыстыруды байқаймыз. Жаңашыл түркітану *чагатай* нұсқасын көптен бері пайдаланып келеді, бірақ терминді тілге қатысты қолдану, пайдаланудағы әдістер, хронологиялық тұрғыдан пайдалану, мағыналық түсіндіруі, әлі күнге дейін бір анықтамасы табылмаған мәселе болып қалып отыр.

Сонымен, «чагатайлық тілі» ғалымдармен ойлап табылған термин емес, олармен қолдану үшін алынған термин. Көпке дейін түркітанушы-ғалымдар терминнің «дұдамалдығын», «көмескілігін», шарттылығын, белгілі бір уақытшалық ерекшеліктерін айтып келген. П.М.Мелиоранский терминнің жоғары да айтылған барлық кері аспектілерін көре отыра (шарттылығын да, автор үнемі тырнақша ішінде көрсеткен), бұл термин әзір ыңғайлы, сондықтан да кеңінен таралған деп, барлық шығу тегі мен тілі әзір, нақты анықтауға келмейтін XIII–XVIII ғғ. түркілік ортаазиялық шығармаларды «джагатайлық» деп атаған. Сөйтіп, П.М.Мелиоранский «джагатайлықты» осы тілдегі барлық қолжазбалар жарық көріп, зерттелгеннен кейін оларды біршама ғылыми жүйеге келтіруге болған жағдайға дейін пайдалануға болатын бастапқы толық емес ғылыми әдіс [25; 161] деп санаған болса керек.

Орта Азиялық түркі тілдері тарихы бойынша маңызды жұмыс атқарылғаннан кейін де, XV ғасырдағы Орта Азия ақындары мен жазушыларының мәтіндеріне, нақты «XV ғасырдағы мәтіндердің өзара диалектикалық айырмашылықтарына» қатысты күрделі жағдай [26] анықталды. Сондай-ақ барлық шағатайлық қолжазбалардың ғылыми жүйелік және ғылыми тілдік талдауы әлі күнге дейін аяқталған жоқ, әлі күнге дейін осы жазба ескерткіштерде кездесетін грамматикалық түрлер каталогы, олардың сөздік құрамы анықталмаған.

Түркі тілдері тарихы мен олардың тарихи диалектологиясы сияқты маңызды мәселелерді өңдеу жағдайына қарамастан, XX ғасырдың 30-жылдарында бірқатар ғалымдар «шағатайлық» терминінен үзілді-кесілді бас тарқан. Бас тартуға себеп болған, шағатайлыққа «Шағатай гурунги» ұлттық тобының буржуазиялық-шовинистік қызметі нәтижесінде екінші рет берілген идеологиялық мәнге деген реакциясы болатын. Бірақ бұл топтың «шағатаизм» идеясы, оның ішінде өлі «шағатай тіліне» оралу ойы арта қалған еді. Себебі жаңа өзбек тілі асқан дамушылықпен іске асып жатқан жағдайда, «шағатаизм» ешқандай шынайы қауіп тудыруы мүмкін емес. Ешқандай жас не орта жасатағы

түркітанушылармен «шағатай» термині көптен бері ұмыт болған «Шағатай гурунгиларымен» ассоциацияға түскен емес. Осы екінші идеологиялық мән осы жолы толықтай жойылды деп санаған.

«Шағатай тілі» терминінен түбегейлі бас тартаудың екінші бір жағы «өзбек/ескі өзбек тілі» терминнің кеңінен таралуы, бір қызығы, «жаңашыл өзбек тілі — XIV–XVI ғғ. классикалық шағатай әдебиеті мен шағатай тілінің тікелей жалғасы» болып табылды. «Ескі өзбек тілі» термині ескертулермен Орта Азияның күрделі этнолингвистикалық тарихына терең бойлай бастады (мысалы, «өзбек» сөзі шығу тегіне қарамастан, XV–XVI ғғ. мағынасын қазіргі уақыттағысымен байланыстыруға болмайды). Белгілі бір уақытта «шағатайлық тілді» Орта Азия территориясындағы бастапқы әдеби тіл, ал «ескі өзбек тілін» жаңа өзбек тілі базасы ретінде көрсету тұрғысынан қарама-қайшы көзқарастарды біріктіру, соның негізінде екі терминді бір жүйеге келтіру жұмыстары жүргізілген. А.К.Боровкин өмірінің соңғы он жылында жалпы «шағатайлық тіл» мәселесін қолдап, ортағасырлық кезең үшін «шағатайлықпен» қоса «ескі өзбек тілі» терминін пайдалануды жөн көрген, яғни «шағатайлық» замандағы (XI–XVI ғғ.) «ескі өзбек тілі» [18; 13]. Сөйтіп, осы сияқты көзқарастарды ескеру «өзбек-шағатайлық (тіл)» (және де біршама ертеректегі осындай түрдегі композита: «түркі-өзбектік (Орта Азиялық)») мағынасындағы компромистік, біріктіруші атауды тудырған болса керек [27].

«Ескі өзбек тілі» терминінің хронологиялық, кеңістіктік тұрғыдан экстенсивті түрде тамыр жаюына «шағатайлық тілді» кеңінен талқылау себеп болды [28], бұл жағдай түркі тілдері тарихының кезеңдестіруге кедергі болды [29]. «Ескі өзбек тілінің» мұндай экстенсивтілігі Өзбекстанның КП (б)-ның X съезінде бекіген принципке қарама-қайшы келгені жөнінде белгілі. Сонымен қатар «ескі өзбек тілі» терминін экстенсивті түрде пайдалануға қарсы жауап ретінде Орта Азия республикасының түркі тілді халықтарының лингвистері мысал ретінде «Бабырнаманы» тілі жағынан жаңашыл өзбек тіліне қарағанда қазақ тіліне жақын шығарма ретінде қарастыру тәжірибесін ұсынған [30; 115,116]. Мұндай жағдайлар өзінің тарихи дамуында жақын араласқа түскен туыс халықтардың мәдениетінің дамуында жиі ұшырасқан.

Кеңес дәуіріндегі біршама түркітанулық жұмыстарда ортағасырлық бір немесе екі тайпаның ғана емес, бүкіл Орта Азияның көптеген түркі тілді халықтарының жалпы жазба-әдеби тіліне жиі назар аударған, себебі бұл, ең алдымен, әдеби тіл болды, ал кішігірім тайпалардың жекелеген жазуларымен шектелу алға қойған мақсатты іске асыруға кедергі болды. Ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерін классификациялауда шағатайлық (шығыс-түркілік) топты «аудандық-мемлекеттік құрылымдық принципі» бойынша басқалармен бір қатарда қоюға ұмтылыс байқалған [31].

П.М.Мелиоранский XV ғасырдың соңында шағатай тіліндегі әдебиеттің «алтын ғасыры» болып табылатын Орта Азияның тарихи жағдайына қарай тұрғылықты халықтың «әр түрлі диалектілерде сөйлеп, бір-бірімен араласқа түскен этнографиялық әр түрлі түркі халықтарының мекендегенін, нәтижесінде сол уақыттағы түркі жазуына біршама диалектикалық өзгерістердің енгенін» [32; 3] хабарлаған. Бұл диалектикалық әр түрлілік бұрынғы Шағатай ұлысы мен «шағатай тілінің» таралу аймағына терең бойлап, географиялық кеңістікте бұрынғы территориялық белгілеулермен сәйкес келмеді [25; 161].

Ғалымдардың пайымдауынша, ортағасырларда жазба-әдеби тіл халықтың ауызша-тілдік бірлестігінен озып бара жатқанда, ал білімді топтар сөйленістегі тілде не жазуға болатынын санасына жүгірткенге дейін, кітаптық тіл өзінің жасандылығы және архаикалығымен, ескі үлгідегі жазуларға еліктеу арқылы, өзінің жеке өмірін жалғастырған болатын [33; 69]. Көптеген «шағатайлық» жазушылар айналымнан шығып қалған сөздер мен түрлерді өз шығармаларына енгізу арқылы ескі шығармаларға еліктеу, яғни өз туындысының тілін жасанды түрде архаикалық тұрғыдан мәнерлеген, ал зерттеушілер шағатай тілінің негізінен ескі ұйғыр тілін (яғни, қараханидтық-түркілік, қарлұқ-ұйғырлық әдеби тілден) немесе біршама ескі дерегі ретінде Ахмад Есевидің хикметтері жазылған қыпшақ-оғыз тілін көрген [34]. А.Н.Кононов «шағатайлық тілдің шығу тегін Орта Азияның қараханидтік (X–XII ғғ., Қашқар) және алтынордалық (XIII–XV ғғ., Сыр-Дарияның мен Хорезм) кезеңдерінің ескі әдеби тілінің нормалары мен дәстүрлерінен бастау алады деп тұжырымдаған» [35]. Мұнан өткендегі «шағатай» тілінің бір мағыналы байланысы байқалмайды.

Түркі тілдері топтарының ұлттар пайда болғанға дейінгі әдеби тілдерінің дамуы жолында — түрлері жағынан ұқсас болып келуі немесе осы дамудың ғылыми дискуссиялардағы ерекшеліктері жөніндегі пікірлер түркітанушылардың осы салаға деген көңілінің аууына алып келеді. Өзбек әдеби тілінің тарихын кезеңдестіру және де «шағатайлық» тілі мен жаңашыл әдеби өзбек тілінің өзара байланыстарын анықтау үшін абстракциялық әр түрлі деңгейлердегі «әдеби тіл ұғымын тарихи-

мәдени құбылыс» және сол немесе басқа тарихи кезеңдегі «бұл құбылыстың нақты манифестациясы» ұғымы деп қарастыру тәжірибесін ескеру, өте қызықтыраралық... екен.

Жоғарыда жүргізілген зерттеу әдістері қолға алынғаннан кейін, өзбек халықтарының (сол уақыттағы) әр түрлі кезеңдерде мәдени байланыс құралы ретінде әр түрлі «тілдік органдардың» (осы уақытқа дейін пайда болған бірліктермен бастан-аяқ ұқсастығы байқалмайтын, көбінесе диалектілік) пайдаланылғанын түсіндіруге мүмкіншілік туып отыр. Бұл жағдайды түсіндіру жолында жекелеген ғалымдар әрекеттер жасады. Мысалы, Орта Азиялық ескі әдеби тілдер ескі өзбек тілінен бұрын пайдаланылған қараханидтық және алатынордалық тілдер, ал шағатайлық тілді «ескі өзбек тілімен» (XV ғ.) бір қатарда көрсету ұсынылған.

Әсіресе бұл тұрғыдан Т.Салимов: «Біздің республикамыздың тілі мемлекеттік тіл болып тарихи жағдайларға байланысты саналады, бірнеше ғасырлар шегінде өзін түркілік, ұйғырлық, шағатайлық, қыпшақтық, өзбектік деп өз атауын ауыстырған болатын» деген ойын білдірген. Бұған қоса сол немесе басқа тарихи даму кезеңдеріндегі өзбек халықтарының тілінің атауымен бірге тілік орган, мәдени байланысының құралдары тұтастай өзгерген. Мұндай тәсіл біршама шыншыл ақпараттарды алуға өз септігін тигізеді. Себебі, Е.Э.Бертельс айтқандай, проф. Саади Навои өзбек немесе, тіпті, қызық болып көрінетіндей, ескі өзбек тілінде жазған деп көрсету, олар сөйлемеген, сөйлеуі мүмкін емес те жағдайлары аталмыш тәсіл қолға алынғанда керек жоқ болып қалады [36; 455] деген.

Сонымен қатар Т.Салимовтың хабарламасындағы «тілдік органдар» тізбесіне, яғни «әдеби өзбек тілі» сияқты, тарихи-мәдени құбылыс дамуы жолында парсы және тәжік тілдерімен толыққанын ескеру керек. Тарихи даму кезеңдеріндегі Орта Азияның бірқатар түркі халықтарының мәдениетінде екі тіл қатарынан пайдаланылған, бұған байланысты Навоидың «Мухакамат ал лугатайн» еңбегінде: «Түркілердің уәзірлерінен бастап бектеріне дейін сарт тілін меңгерген, бұл тілді күнделікті сөйленісте пайдаланады, сондай-ақ кейбіреулері тіпті қызыл және көркем тілде де сөйлейді. Түркілік ақындар болса, парсы тілінде жарқын өлеңдер мен қызықты әңгімелер құраған» [36; 190] деген мәлімет бар. Навои «Маджалис ан-нафа-ис» еңбегінде түркі ақындарының 90 % парсы тілінде, «ал түркі тілдерін білетіндері де, жиі екі тілді қатарынан пайдаланған» деп жазған, сондай-ақ Навоидың өзі де жас кезінде «екі тілдің білгірі» деген атқа ие болған [36; 27]. Кейін де парсы әдеби тілі Хиуа хандығынан басқа, бұрынғыдай Орта Азиядағы өзбек хандықтарында ресми тіл болып қалған, Хиуа хандығында XIX ғасырдың ортасына дейін тәжік тілі қолданылған. XVI және кейінгі ғасырларда да сарай ақындары мен Бұхар хандығының ақындары өз шығармаларын парсы тілінде жазуды жалғастырғаны белгілі.

Сонымен, өзбектің әдеби тіліне өзбек әдеби тілі тарихын зерттеушілерге тарихи-мәдени құбылыс деп қарау тәсілін қолдау тұрғысынан дәлел болатын мәтіндердің кең екенін ескеріп, қабылдау дұрыс шешім болып саналатынын ескеруі керек. Зерттеушілер алдында түркітанулық көзқарас тұрғысынан парсы (тәжік) тілінде, екі тілде жазылған түркі ақындарының шығармаларын зерттеу мәселесі тұр. Мұндай зерттеулер нәтижелері қолда бар терминологияны сақтай отырып, әдеби өзбек тілі тарихының кезеңдестіруіне енгізілуі мүмкіншілігі бар.

Бұл айтылғандар П.М.Мелиоранскийдің «шағатайлық тілдің өзі ирандық элементтердің ықпалынсыз пайда болмаған» [32] деген пікірімен қоса құнды. Мұндай жағдайдың тууына, бірнеше ғасыр бойы иран-түркіаралық бейбіт көрші қарым-қатынастар тілдік мәдениетаралық араласуларға алып келгені белгілі [36; 72].

Араб тіліне келетін болсақ, аталмыш тілі діни тіл ретінде мұсылмандық діни міндеттерді орындау қажеттілігі бар аудандарға таратылды. Георгийдің айтуы бойынша: «Бұхарлықтардың бірталай өз діни қызметкерлерін иеленгенмен, көпестері араб тілінде тым жеңіл сөйлеген» [37], — деп ерекше атап өткен. Араб тілі ортағасырлық бүкіл ғылыми әдебиеттің негізі болды, тілді білмей мұсылмандық білімділікті түсіну мүмкін болмады [38]. Сәл кейінірек, араб емес түркілерден де араб-мұсылмандық мәдениеттің жетістіктерін қабылдап қана қойғандар емес, сонымен қатар оның дамуына да өз үлестерін қосқандар пайда болса бастады [32]. «Шағатайлық тілге» арабтық сөздердің кеңінен ене бастауына тек қана түркілердің араб тілін игеруі ғана емес, сондай-ақ жанамалық фактор, яғни парсы тілінің арабтық сөздермен молынан шұбарлануы себеп болды [39]. Сондай-ақ Навои шығармаларын, оның замандастары мен кейінгі авторлардың айтуы бойынша, түркі тілі біршама таза түрінде берілген дегенмен, түркітанушылармен қатар ирантанушылар мен арабтанушылардың араласуы қажеттілігі туындайды. Әзір түбегейлі бір ғана Навои тілі грамматикасындағы парсы, тәжік және араб тілдерінің орын алуы зерттеліп отыр.

П.М.Мелиоранскийдің айтуы бойынша, «шағатайлық тілге», бір жағынан, «әр жердегі және әр уақыттардағы сөздер мен түрлердің» [32] араласып енуі, екінші жағынан — «мұсылмандық білімнің» (араб және бірқатар парсы) өзінше енуі, бұл тілді ұлттар пайда болғанға дейінгі көптеген түркі халықтарында мәдени байланыс құралы мақсатында пайдаланудың алғышарттары пайда болған [40]. Осы тұрғыдан өзіндік ерекше «шағатайлық тілді» түркі тілді халықтардың мәдени байланысының құралы деген анықтаманы В.Н.Татищев, сол халықтардан шыққан ғалымдардың айтуы бойынша, алға тартып: «Бұхаралықтар және Астрахан, Қазан халықтарының оқымыстылары шағатайлық тілді татарлық диалектілердегі басты деп санайды...» [41].

Не дегенмен де, сол XV ғасырда А.Навоидың мәдени байланысы құралы ретіндегі стандартты «шағатайлық тілі» немесе түркілердің тілі, қандайда бір көрнекі өзгертулерсіз сол мақсатта XVI ғасырда Шейбани ханмен өзбектерде қабылданды; өзін «шағатайлық тайпаның» өкілі деп санаған Мұхаммед Салих ақын, Шейбани ханның қызметінде жүріп, «Шейбанинаманы» сол Навои мен Бабыр шығармаларының тілінде жазғаны белгілі.

Сөзсіз, ортағасырларда, кейде кейінгі кезеңдерде де пайдаланылған «шағатайлық тіл» Орта Азия халықтарының әдеби тілдерінің және де татар тілінің қалыптасуына зор ықпал еткен, ал, М.Мансуроглының ойы бойынша, ескі анатoliaлық-түріктерінің әдеби тілі XV ғасырға дейін «шағатайлық тілмен» тірі байланысты сақтаған. Осы айтылғандарды негізге ала отырып, «шағатайлық тіл» ортағасырлық түркілік тілдерге мүмкін болмаған жағдайдың өзінде енуі әбден мүмкін... [42]. Кейбір жағдайларда аталмыш тіл Орта Азиялық түркілік тілдермен, диалектілермен және де XIV–XX ғғ. синь-цзяньдық-ұйғырлық әдеби тілдермен салыстырылуы мүмкін [43].

Жалпы, шағатай тілінің зерттелуінен бұрын ол тілді оқыту, үйрету мәселесі жоғары тұр. Себебі тіл лингвистикалық тұрғыдан зерттеу нәтижелері біршама белгілі, бірақ бұл зерттеулер қорытындылары тілді үйренуге беретін көмегі қаншалықты деген сұрақ туындайды. Ал аталмыш тілді оқи білу, тарихшылар үшін, оның ішінде қазақ тарихын зерттеушілер үшін аса маңызды. Мысалы, ежелгі, тіпті ортағасырлық түркі тілінде жазылған шығармаларды зерттеген түріктанушылардың сол тілдерге берген бағаларына мән беретін болсақ, олар түркі, оның ішінде шағатай тілінде жазылған еңбектерге жеке-жеке тарихи ескерткіштерге сияқты қараған. Яғни бірінен кейін бірі жазылған екі еңбекке жеке-жеке ескерткіштерге сияқты қарағандарын айтқан. Мысалы, өз заманның шағатай тілінің маманы түріктанушы П.М.Мелиоранский зерттеуші ретіндегі өзіне берген бағысында байланысты В.В.Бартольдтың «зная тюркские языки и преподавав, он себя чувствовал не историком и не лингвистом, а именно исследователем литературных памятников» деген пікірі, шағатай тілін зерттеу тәселдерін белгілі бір жүйеге келтіру, біршама анықталған жұмыстардың бірі болса керек.

## Reference

- 1 *Türkological Collection* / Ed. Board: A.N.Kononov (exe.edit.), S.G. Klyashtorny et al. — Moscow: Publishing House of Science GRVL, 1972. — P. 167.
- 2 *Aristov N.A.* Notes on the ethnic composition of the Turkic tribes and nations and information about their numbers. — St.Petersburg, 1897 // *Live old.* — 1896. — Vol. 3, 4. — P. 43, 44 (Reprint from the magazine)
- 3 *The history of the Uzbek SSR.* — T.I.: From ancient times to the middle of the XIX century / Exe.edit. J.G.Gudyamov. — Tashkent: Fan, 1967. — P. 431.
- 4 *Nikitin A.* Hozhenie three sea Nikitin 1466–1472 gg. Second edition, enlarged and revised / Ed.Ed. VP Hadrian-Peretz. — Moscow-Leningrad: Publishing House of USSR Academy of Sciences, 1958. — 284 p.
- 5 *Samoilovich A.N.* Mongolian-shamanic ritual zavorazhivaniya horsetails at the beginning of the XVI century. (Baburovskoe description) // *Living Antiquity.* — Moscow, 1911. — Vol. 3, 4. — P. 431,432.
- 6 *Petrushevsky I.P.* From the history of Bukhara in the XIII century // *Ser. of Oriental Sciences.* — 1949. — Vol. 1. — P. 111,112.
- 7 *Bartoldt V.V.* Ulugbek and his time / *Zap. Russian Academy of Sciences.* — 1918. — 8 ser. — T. 8. — № 5. — P. 11, 12.
- 8 *Borovkov A.K.* Alisher Navoi as the founder of the Uzbek literary language / *Collection of articles Alisher Navoi.* — Leningrad: USSR Academy of Sciences, 1946. — P. 103,104.
- 9 *Vamberi A.* Journey Through Central Asia: a description of a trip from Tehran through the Turkmen steppes on the eastern shore of the Caspian to Khiva, Bukhara and Samarkand, done in 1863 /A.Vamberi. — St.Petersburg: BI, 1865. — P. 171.
- 10 *Karmysheva B.H.* Some of the data to the ethnogenesis of the population of the southern and western regions of Uzbekistan / *Brief reports of the Institute of Ethnography, USSR Academy of Sciences.* — 1957. — T. 27. — P. 34.
- 11 *Bartoldt V.V.* Essays on the history of the Turkmen people // *Works.* — Vol. 2. — Part 1. — Moscow: Publishing House of Science, 1964. — P. 594.

- 12 *Aristov N.* Experience determine the ethnic composition of the Kirghiz-kaysakov Great Horde and Karakirgiz // *Living Antiquity*. — 1894. — Vol. 3, 4. — P. 395–396.
- 13 *Nominhanov T.S.D.* Mongolian elements in ethnonymy and place names of the Uzbek SSR // *Zap. Kalmyk. Niiya*. — Elista, 1962. — Vol. 2. — P. 268–273.
- 14 *Bartoldt V.V.* History of the cultural life of Turkestan. — Leningrad: AN SSSR, 1927. — P. 88.
- 15 *Samoilovich A.* Kratky sketch grammar Mountain Language «Bolkar» / ZVORAO. In 1913. — Vol. 21. — P. 108.
- 16 *Mallitsky N.* Tashkent mahalla and mauza // *Proc. V.Bartoldt — Turkestan friends, disciples and admirers*. — Tashkent, 1927. — P. 108–121.
- 17 *Savina V.I.* The types of derivation of names of Iran // *Toponymy East*. — Moscow, 1964. — P. 151, 152.
- 18 *Borovkov A.K.* Vocabulary Central Asian tefsira XII–XIII centuries. — Moscow: Publishing house: Oriental Literature, 1963. — 368 p.
- 19 *Karamzin N.M.* History of the Russian state. — Vol. 5. — St.Petersburg, 1819. [Elektraonny resource] // *Karamzin. History of the Russian State: [site]*. URL: <http://www.bibliotekar.ru/karamzin/index.htm> (date accessed 06/13/2012). — P. 94, 95.
- 20 *Veselovsky S.B.* Toponymy in the service of history // *Historical Notes of the USSR*. — Vol. 17. — Moscow, 1945. — P. 30, 31.
- 21 *Chernyh P.Y.* A note on the name of «Woe from Wit» / *Reports and reports of the Philological Faculty of Moscow State University*. — 1948. — Vol. 6. — P. 46, 47.
- 22 *Yudin V.P.* On the tribal structure and the Mogul moguls Mogulistan and ethnic ties with the Kazakh and other neighboring nations // *Ed. Kazakh Academy of Sciences. Sor. societies. Sciences*. — Alma-Ata, 1965. — Vol. 3. — P. 52–65.
- 23 *Korsch F.E.* Regarding the second article of Professor. PM Melioransky of Turkish elements in the language of «Lay» // *Proceedings of the Academy of Sciences ORYAS*. — 1906. — T. 11. — Book 1. — P. 297.
- 24 *Samoilovich A.N.* Iranian heroic epic in the literatures of Turkic peoples of Central Asia // *Ferdovski (934–1934)*. — Leningrad, 1934. — P.169.
- 25 *Melioransky P.M.* Turkish dialects and literature / In.: F.A.Brockhaus, I.A.Ephron. *Encyclopedic Dictionary*. — T. 34. — St. Petersburg, 1902.
- 26 *Borovkov A.K.* The study of Turkic languages in the USSR // *Problems of Linguistics*. — Ed 10. / Ed. calls.: O.S.Akhmanova, N.Baskakov etc. — Moscow: USSR Academy of Sciences, 1961. — P. 14.
- 27 *Kormushin I.V.* Category causative in the Altaic languages / Ph. D. thesis. — Leningrad, 1968. — P. 9.
- 28 *Abdurakhmanov G.A.* Study starotyurkskomu syntax. — Moscow: Nauka, 1967. — P. 3.
- 29 *Shukurov S.* Current and future verb tenses in written monuments of old Uzbek language / Ph. D. thesis. — Moscow, 1960. — P. 4.
- 30 *Musabayev G.G.* Modern Kazakh language. Vocabulary. — Alma-Ata: Kazakh Academy of Sciences, 1959. — 142 p.
- 31 The study of the medieval monuments of Turkic writing (XI–XVI cc.) / A.Zajaczkowski // *Problems of Linguistics*. — 1967. — № 6. — P. 83–89.
- 32 *Melioransky P.M.* Arab scholar of Turkish language. — St. Petersburg: BI, 1900. — 85 p.
- 33 *Shakhmatov A.A.* Essays on the modern Russian literary language. — Ed. 4. — M.: Uchpedgiz, 1941. [Elektraonny resource] // *Shakhmatov A.A. Outline of the modern Russian literary language: [site]*. URL: <http://www.twirpx.com/file/294761/> (date accessed 06/13/2012)
- 34 *Artamoshina V.D.* Conditions of formation and some features of the language of the Central Asian poets — the forerunner of Navoi // *Turco-Mongolian linguistics and folklore*. — Moscow, 1960. — P. 7.
- 35 *Kononov A.N.* A valuable work on the old Uzbek language grammar // *Social Sciences in Uzbekistan*. — Tashkent, 953. — P. 64.
- 36 *Bertels E.E.* Selected Works. — Moscow: Oriental Literature Publishing House, 1960. — 556 p.
- 37 *George A.* Description of the Russian state living people. — Part 2. — St. Petersburg, 1776 / *Sovrem. ed.: A description of all living people in the Russian state, and their everyday practices, usages, clothing, shelter, exercise, fun, faith and other memorability*. — Moscow: The Library of RUSAL, 2007. —P. 64.
- 38 *Bertels E.E.* Nizami. Creative career of the poet / *Cont. edit. B.N.Zakhoder*. — Moscow: USSSR Academy of Sciences, 1956. — P. 70.
- 39 *Bertels E.E.* Persian Poetry in Bukhara / *Literature of the East in the Middle Ages: instructional materials for students... / Comp. A.Z.Khabibullina*. — Kazan: Kazan state. Univ., 2007. — P. 11.
- 40 *Melioransky P.M.* A brief grammar of the Cossack-Kyrgyz language. — Part 1. — St. Petersburg. Imperial. Academy of Sciences, 1894–1897. — P. 4.
- 41 *Tatishchev V.N.* History of Russia. — T. 1. — Moscow: AST: Ermak, 2005. — P. 240.
- 42 *Blagova G.F., Danyarov H.D.* By «Turks» of Uzbekistan in their relationship to the language of old Uzbek literature // *Problems of Linguistics*. — Moscow: USSR Academy of Sciences, 1966. — P. 6.
- 43 *Katanov N.F.* Omens and superstitions of the Turks of Chinese Turkestan, on the phenomena of nature // *Collected papers of Professor V.R.Rozena students on the day of the 25th anniversary of his first lecture of 13 November 1872–1897*. — St. Petersburg: Imperial Academy of Sciences, 1897. — P. 30.

А.Н.Муканова

**История становления тюркской этнолингвистической терминологии «чагатай»**

В данной статье исследуются материалы российских тюркологов, изучавших историю происхождения тюркского этнолингвистического термина «чагатай». Анализируются исследовательские данные ведущих основоположников российской тюркологии, а также их последователей. Автором показана перспектива исследования данной темы для истории отечественного востоковедения.

A.N.Mukanova

**History of formation of Turkic ethnolinguistic terminology «Chagatai»**

This article explores the materials studied the history of Russian origin turkologists. Turkic ethnolinguistic terms «Chagatai». Analyze the research data of the leading founders of the Russian Turkic. An important part of the article is a continuation of the founders of Russian adherents turkologists. And also, put the problems and the prospect of staging the study of the topic in the history of the Fatherland of Oriental Studies.

УДК 63.3 К 40

Н.Б.Ем

*Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы (E-mail: Natalya.Yem@kaznu.kz)*

**Корейская диаспора в Казахстане и США: некоторые параллели**

В статье исследованы корейские общности в США и Казахстане. Показано, что истории их пребывания в этих странах во многом отличаются, однако в вопросах расселения, адаптации и интеграции в принимающем обществе эти две общности корейской диаспоры имеют некоторые схожие черты. Основными гипотезами данного исследования выступили — в условиях многоэтнического окружения обе диаспоры показали высокий уровень урбанизации, отдано предпочтение предпринимательской деятельности, сохранена этническая солидарность. Автором проведены параллели в данных вопросах адаптации на основе историографической базы, а также данных переписей населения двух стран. Хронологический период рассмотрения отслеживается в 1970–1990-е гг.

*Ключевые слова:* диаспоры, мигранты, урбанизация, этнические группы, численность, населения, иммигранты, этнически бизнес, общий семейный бизнес, собственность.

Согласно данным Фонда зарубежных корейцев 2001 г., 5,6 млн корейцев проживают в 151 стране мира. Наиболее важные из них с точки зрения численности — четыре. Около 2 млн корейцев живут в Китае, 1,8 млн — в США, 800 000 — в Японии и 450 000 — в бывшем СССР, из которых 110 000 живут в Казахстане.

Среди наиболее популярных корейских общин в зарубежных странах автору видится интересным в академическом плане сравнение корейцев в США и Казахстане. Корейская диаспора в США более 100 лет своей истории находится в мультикультурном обществе. Соединенные Штаты Америки являются мультинациональной страной, сыгравшей роль «плавильного котла» для многих мигрантов, которые обрели здесь свою родину. Корейцы Казахстана 75 лет проживают в уникальном поликультурном государстве на постсоветском пространстве, насчитывающем в своем составе более 130 этнических групп.

В данной статье будут рассмотрены два показателя этнической адаптации корейской общины в принимающем государстве. Высокий уровень урбанизации, который будет продемонстрирован в первой части работы, станет основой для рассмотрения этнического предпринимательства корейцев в США и Казахстане. Практика экономической перестройки иммигрантов в принимающем обществе была рассмотрена в работах Е.Бонациша [1], И.Лайта [2], Р.Валдингера [3], К.Л.Вилсона и А.Портеса [4], И.Лайта и А.Санчеса [5]. В вопросе предпринимательского опыта корейской диаспоры было определено, что корейцы имеют одну из самых высоких пропорций в малом бизнесе сре-